

Қамқоршылық кеңес отырысының

№2 Хаттамасы

Атырау қаласы
Қатысқандар 9:

03.05.2021ж

1. Баемирова Айнур-қамқоршылық кеңесінің төрайымы
2. Бактыгереева Айнагүл-мүше
3. Койбақова Сандуғаш-мүше
4. Сарсенов Рафик-мүше
5. Катешова Агиба-мүше
6. Сактанов Ерлан-мүше
7. Ботағариева Гулшат-мүше
8. Ахметова Айнагүл-мүше
9. Тобжанова Салтанат-мүше

Күн тәртібінде

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы
2. Мектеп психологтарының оқушыларға құқық бұзушылықтың алдын-алу тақырыбында өткізілген шара
3. Мектептегі тәрбие іс бойынша жасалған жұмыстар.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша А.Баемирова сөз алды: Биылғы оқу жылында қамқорлық қорға қаржы жиналған жоқ. Әр-түрлі заңнамаға байланысты осы күнге дейін есеп шот ашылмай отыр. Ол өзі өте ұзақ процесс. Осыған байланысты әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға тегін тамақ және «Жалпы білім беру қоры»-нан ғана көмек көрсетіледі.

Мектеп директоры: О.Хуандықова сөз алды 2020-2021 оқу жылында білім алушыларға жасалынған жағдайлармен танысу және құқықтарының сақталуы тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты оқушыларды құқық бұзушылықтың алдын алу үшін өз құқықтарымен таныстыру және зорлық-зомбылық түрлерімен ақпараттандыру. Дөңгелек үстелді өткізу барысында сынып оқушыларына зорлық-зомбылықтың психологиялық кемсітушілік, физикалық зорлық-зомбылық, бопсалау, кибербуллинг, кемсітушілік секілді және т.б. түрлері мен зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы айтылды. Жасөспірімдер мен балалардың

құқықтық мүдделерін қолсұғушылықтан қорғау тақырыптарында ақпараттар берілді. Мектеп оқушылармен аталған тақырыптар бойынша пікір алмасып, талқыланды.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша рейдтік шаралар өткізіліп отырады. Осы оқу жылында біздің мектеп оқушылар арасынан қоғамдық тәртіпті бұзған фактілер анықталынған жоқ. Мектепте қиын және мінезінде ауытқушылығы бар оқушылар тіркелмеген. Жоспарға сай мектепте қыздар жиналысы және ұлдарға арнайы жиналыстар өткізіліп тұрады. Онымен қатар жол ережесін сақтау туралы шараларды бастауыш сыныптан бастап өткізіліп келеді. Тоқсан сайын қалалық білім бөліміне жасалған шаралар туралы есеп беріліп отыр. Оқушылардың құқықтық тәртіп сақтау жұмыстары жүргізілсін. Ата-аналар жиналысында баланың тәрбиесі туралы түсінік жұмыстарын уақытылы жүргізіп отыру. Мектеп инспекторы 7-11 сынып оқушыларымен қоғамдық тәртіп, құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша түсінік жұмыстарын жүргізді.

ШЕШІМІ:

- 1 Әлеуметтік көмек қажет ететін оқушыларға көмек көрсету үшін демеушілерді жұмылдыру.
- 2 Ата-аналар жиналысында оқушыларды уақытылы қадағалап беймезгіл уақытта далада жүрмеуін, түсінік жұмыстарын жандандыру.

1. Тобжанова Салтанат мүше _____
2. Бақтыгереева Анаргүл-мүше _____
3. Койбакова Сандуғаш-мүше _____
4. Сарсенов Рафик-мүше _____
5. Катешова Ағиба-мүше _____
6. Сактанов Ерлан-мүше _____
7. Ботағариева Гулшат-мүше _____
8. Ахметова Айнагул-мүше _____

ҚК төрайымы:

Баева

А.Баемирова

ҚК хатшысы:

Жар

А. Кадыржанова